

“Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы” мамандығы
“Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы” мамандығы
бойынша магистірлік бағдарламаның негізгі міндеттері

• **Бейімдік дайындық бойынша:**

- Химиялық өнеркәсіптің салаларына сәйкес келетін әр түрлі деңгейдегі басқару орындары мекемелері, ұйымдарына жетекшілер дайындау;

• **Ғылыми және педагогикалық дайындық бойынша:**

- білім беру мекемелерінде бакалавриат бағдарламасы бойынша сәйкес пәндерден оқытушы мамандар даярлау;

Магистранттарға оқытудың екінші жылында шетелдік университеттерде АҚШ, Батыс Европа елдерінде және Ресейде білім алуды жалғастыру нәтижесінде қосарлы халықаралық магистрі біліктілігін (квалификациясын) алу мүмкіндігі беріледі.

Магистратураның оқу бағдарламасының ұзақтығы

- ғылыми және педагогикалық дайындық бойынша 2 жыл;
- бейімдік дайындық бойынша 1 жыл

Магистранттардың оқу мерзімінің аяқталуының негізгі шарттары болып олардың

- ғылыми және педагогикалық дайындықта 47 кредит
- бейімдік дайындықта 24 кредит

меңгерулері саналады.

Магистратураны аяқтаған соң “Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы” мамандығы бойынша техникалық ғылымдар мен технология магистрі ғылыми дәрежесі тағайындалады.

Магистратураны аяқтаушыда:

- фундаментальдық ғылыми және кәсіби дайындығы;
- заманауи ақпараттық технологиялы сонымен қатар ғылыми ақпаратты алу, сақтау және өңдеу әдістерін меңгеруі;
- ғылыми және практикалық проблемаларды шешу және тұжырымдауы;
- ғылыми мамандану саласында ғылыми зерттеу эксперименттік-зерттеу қызметтерін атқару және жоспарлауы
- ЖОО оқытушылық;
- зерттеу және басқару қабілеті жетік дамыған;
- шығармашылық ойлау стилі қалыптасқан

болады.